

2008 жылғы қаңтардағы банк секторының ағымдағы жағдайы¹

Қазақстанда 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 35 екінші деңгейдегі банк жұмыс істеуде, оның ішінде Алматы қаласында 34 банк, банктердің 34 филиалы және 370 есеп айырысу-касса бөлімі орналасқан.

Банк секторының құрылымы	01.01.07	01.01.08
Екінші деңгейдегі банктердің саны, оның ішінде:	33	35
- шетелдің қатысы бар банктер	1	1
- жарғылық капиталда мемлекеттің 100% қатысы бар банктер ³	324	352
Екінші деңгейдегі банктердің филиалдарының саны	1 489	2 028
Екінші деңгейдегі банктердің есеп айырысу-касса бөлімдерінің саны	22	17
Екінші деңгейдегі банктердің шетелдердегі өкілдіктерінің саны	23	26
Қазақстан Республикасындағы резидент емес банктер өкілдіктерінің саны	32	33
Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіндегі қатысушы банктердің саны	9	10

Капитал. Екінші деңгейдегі банктердің жиынтықты меншікті капиталының³ есеп айырысу мөлшері 2007 жылдың басынан бастап 613,2 млрд. теңгеге (52,5%-ға) ұлғайды және 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 1 781,8 млрд. теңге болды. Бұл ретте, бірінші деңгейдегі капитал 57,2%-ға 1 283,7 млрд. теңгеге дейін ұлғайды, ал екінші деңгейдегі капитал 45,5%-ға немесе 560,9 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.

Атауы	01.01.07	01.01.08	млрд. теңге Өсімі %-бен
1-ші деңгейдегі капитал	816,5	1 283,7	57,2
Жарғылық капитал	593,6	938,5	58,1
Қосымша капитал	4,0	3,8	-5,0
Өткен жылдардың бөлінбеген таза кірісі	131,6	204,7	55,5
2-ші деңгейдегі капитал	385,4	560,9	45,5
Бөлінбеген таза кіріс	101,3	221,6	2,2 есе
Реттелген борыш	368,0	460,9	25,2
3-ші деңгейдегі капитал	1,5	1,5	0
Барлық меншікті есеп айырысу капиталы	1 168,6	1 781,8	52,5

2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банк секторы меншікті капиталының тепе-теңдік көрсеткіштері k1 - 0,11 (0,06 нормативі кезінде) (қатысушысы банк холдингі болып табылатын банк үшін нормативі – 0,05), k2 - 0,14 (0,12 нормативі кезінде) (қатысушысы банк холдингі болып табылатын банк үшін нормативі – 0,10) болды.

Меншікті капитал тепе-теңдігінің көрсеткіштері	01.01.07	01.01.08
Бірінші деңгейдегі меншікті капиталдың жиынтық активтерге қатынасы (k1)	0,09	0,11
Тәуекел дәрежесі бойынша салмақталған баланстан тыс міндеттемелерге және активтерге меншікті капиталдың қатынасы (k2)	0,15	0,14
Меншікті капиталдың несие портфеліне қатынасы	0,20	0,20
Меншікті капиталдың құрылған провизияларға қатынасы	3,91	3,43
Меншікті капиталдың күмәнді кредиттерге қатынасы	0,43	0,34
Меншікті капиталдың үмітсіз кредиттерге қатынасы	12,43	13,54

Сонымен бірге, жылдың басынан екінші деңгейдегі банктер балансы бойынша меншікті капитал 870,4 млрд. теңгеден 530,2 млрд. теңгеге (60,9%) өсті және есепті күнге 1 400,6 млрд. теңгені құрады.

Активтер. Ағымдағы жылдың басынан бастап банктердің жиынтық активтерінің мөлшері 2


811,4 млрд. теңгеге (31,7%-ға) өсті және есепті күнге 11 683,4 млрд. теңге болды.

Банк секторының жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	01.01.07		01.01.08		Өсімі %-бен
	млрд. теңге	жиынтығына % -бен	млрд. теңге	жиынтығына % -бен	
Қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металдар және корреспонденттік шоттар	986,9	11,1	1 013,9	8,7	2,7
Басқа банктерде орналастырылған салымдар	520,6	5,9	639,6	5,5	22,9
Бағалы қағаздар	1 240,4	14,0	787,8	6,7	-36,5
Банктік заемдар және «кері РЕПО» операциялар	5 991,8	67,5	8 868,3	75,9	48,0
Капиталға инвестиция	97,1	1,1	222,5	1,9	2,3 есе
Басқа активтер	35,2	0,4	151,30	1,3	4,3 есе
Активтердің барлығы	8 872,00	100	11 683,4	100	31,7

Банктер активтерінің құрылымында клиенттерге берілген заемдар (75,9%), қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металдар және корреспонденттік шоттардағы қалдықтар (8,7%), бағалы қағаздар портфелі (6,7%), басқа банктерде орналасқан салымдар (5,5%) үлкен үлес алады. Клиенттерге берілген заемдар - 2 876,5 млрд. теңгеге немесе 48,0%-ға өсті, қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металдар және корреспонденттік шоттардағы қалдықтар – 27,0 млрд. теңгеге немесе 2,7%-ға өсті, бағалы қағаздар - 452,6 млрд. теңгеге немесе 36,5%-ға кеміді, басқа банктерде орналасқан салымдар - 119,0 млрд. теңгеге немесе 22,9%-ға өсті, капиталға инвестиция - 125,4 млрд. теңгеге немесе 2,3 есеге өсті.

Жылдың басынан бастап баланс бойынша⁴ мерзімі өткен берешек 75,5 млрд. теңгеден 25,0 млрд. теңгеге (1,3 есеге) өсті және есепті күнге 100,5 млрд. теңге болды.

Мерзімі өткен сыйақы көрінісі бойынша шоттардағы қалдықтар өткен жылдан бастап 3,6 есеге өсті және 2008 жылғы 1 қаңтарда 17,0 млрд.теңге құрады.



Жыл басынан бастап, жіктелуге жататын активтер мен шартты міндеттемелер мөлшері 2 135,6 млрд. теңгеден (17,7%-ға) 13 377,7 млрд. теңгеге дейін өсті.

Стандартты активтер мен шартты міндеттемелердің үлес салмағы 57,5% болды, күмәнділер үлесі - 26,9%-дан 41,5%-ға дейін өсті, үмітсіз активтер мен шартты міндеттемелер үлесі 1,0% болды.


Активтердің және шартты міндеттемелердің сапасының динамикасы	01.01.07		01.01.08	
	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	жиынтығына % -бен	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	жиынтығына % -бен
Барлық активтер мен шартты міндеттемелер	11 242,5	100	13 377,7	100
Стандартты	8 117,7	72,2	7 695,0	57,5
Күмәнді	3 026,9	26,9	5 542,5	41,5

1-санатты күмәнді – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	2 587,9	23,0	4 253,7	31,8
2-санатты күмәнді – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	112,7	1,0	581,3	4,5
3-санатты күмәнді – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	236,1	2,1	539,5	4,0
4-санатты күмәнді - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	39,0	0,3	59,2	0,4
5-санатты күмәнді	51,2	0,5	108,8	0,8
Үмітсіздері	97,9	0,9	140,2	1,0

Қаралып отырған кезең ішінде банктердің кредит портфелі құрылымында стандартты кредиттер үлесі 52,7%-дан 39,8%-ға дейін кеміді, күмәнді кредиттердің үлесі 45,7%-дан 58,7%-ға дейін өсті, сонымен бірге үмітсіздер кредиттердің үлесі 1,6% 1,5% төмендеді.

млрд. теңге

Несиелік портфель сапасының динамикасы	01.01.07		01.01.08	
	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	жиынтығына % -бен	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	жиынтығына % -бен
Несиелік портфельдің барлығы	5 991,8	100	8 868,3	100
Стандартты	3 154,4	52,7	3 534,0	39,8
Күмәнді	2 743,4	45,7	5 202,7	58,7
1-санатты күмәнді - төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	2 332,0	38,9	3 937,6	44,4
2-санатты күмәнді – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	109,8	1,8	575,5	6,5
3-санатты күмәнді – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	214,7	3,6	529,6	6,0
4-санатты күмәнді - төлемдерді кешіктірген немесе уақтылы төлемеген кезде	38,1	0,6	55,3	0,6
5-санатты күмәнді	48,8	0,8	104,8	1,2
Үмітсіздері	94,0	1,6	131,6	1,5




Міндеттемелер. 2007 жылдың басынан бастап, екінші деңгейдегі банктер міндеттемелерінің жалпы сомасы 2 255,1 млрд теңгеге (28,2%-ға) ұлғайды және есепті кезеңнің соңына 10 256,7 млрд. теңге болды.

Банктер міндеттемелерінің өсуіне 971,9 млрд. теңгеге немесе 62,4%-ға өскен арнайы тағайындалған еншілес ұйымдардың салымдары көлемінің өсуі, 413,6 млрд.теңге немесе 40,0%-ға өскен жеке тұлғалар алдындағы міндеттемелер, 379,1 млрд.теңгеден 1 798,2 теңгеге дейін өскен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар елеулі ықпал жасады.

млрд. теңге


Банк секторының жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.07		01.01.08		Өсімі %-бен
	млрд. теңге	жиынтығына % -бен	млрд. теңге	жиынтығына % -бен	
Клиенттер алдындағы міндеттемелер	257,5	3,2	319,9	3,1	24,2
Банкаралық депозиттер	1 419,1	17,7	1 798,20	17,5	26,7
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған заемдар	2,2	0,0	7,7	0,1	3,5 есе
Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемдар	27,4	0,3	85,1	0,8	3,1 есе
Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар	2 123,7	26,5	2 447,1	23,9	15,2
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	1 034,2	12,9	1 447,8	14,1	40,0
Реттелген борыштар	1 557,1	19,5	2 529,0	24,7	62,4
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	421,6	5,3	467,6	4,6	10,9
Басқа кредиторлар	530,0	6,6	245,4	2,4	-53,7
Басқа міндеттемелер	628,80	8,0	908,90	8,8	44,5
Міндеттемелердің барлығы	8 001,60	100	10 256,70	100	28,2

01.01.2007 ж. банк секторы міндеттемелерінің құрылымы (%)



01.01.2008 ж. Жасдай бойынша банк секторы міндеттемелерінің құрылымы (%)

Структура обязательств банковского сектора по состоянию на 01.01.08г. (%)



2007 жылдың басынан бастап заңды және жеке тұлғалардың салымдары⁵ 1 709,1 млрд. теңгеге немесе 36,2%-ға ұлғайды және 2008 жылғы 1 қаңтарда 6 424,0 млрд. теңге болды.

Есепті кезеңде жеке тұлғалардың салымдары 40,0%-ға немесе 413,6 млрд. теңгеге өсті.

Клиенттердің салымдары	01.01.07г.		01.01.08г.		Прирост, в %	
	барлығы	оның ішінде шет. валюта-сында	барлығы	оның ішінде шет. валюта-сында	барлығы	оның ішінде шет.
Салымдардың барлығы оның ішінде:	4 714,9	2 740,2	6 424,0	3 893,9	36,2	42,1
Заңды тұлғалардың салымдары, оның ішінде:	3 680,7	2 395,8	4 976,1	3 299,1	35,2	37,7
Арнайы тағайындалған еншілес ұйымдардың салымдарымен қоса клиенттердің ағымдағы және карт-шоттары	2 334,4	1 755,7	3 307,0	2 676,7	41,7	52,5
Талап ету бойынша салымдар	6,4	0,8	19,6	2,1	3,1 есе	2,6 есе

млрд. теңге

Мерзімді салымдар	1 336,6	637,4	1 643,7	617,6	23,0	-3,1
Шартты	3,3	1,9	5,8	2,7	75,8	42,1
Жеке тұлғалардың салымдары, оның ішінде:	1 034,2	344,4	1 447,8	594,8	40,0	72,7
Клиенттердің ағымдағы және карт-шоттары	132,6	29,6	165,1	27,5	24,5	-7,1
Талап ету бойынша салымдар	30,6	12,3	28	9,9	-8,5	-19,5
Мерзімді салымдар	870,0	302,0	1 253,6	557,1	44,1	84,5
Шартты	1,0	0,5	1,1	0,3	10,0	-40,0

Заңды тұлғалардың салымдары 35,2%-ға, оның ішінде клиенттердің ағымдағы және карт-шоттары 41,7%-ға немесе 972,6 млрд. теңгеге өсті, талап ету бойынша салымдар жөніндегі қаражат 13,2 млрд. теңгеге өсті, мерзімді салымдар сомасы - 23,0%-ға немесе 307,1 млрд. теңгеге өсті.

ҚР резидент еместерге қойылатын талаптар. Өткен жылғы резидент еместерге қойылатын талаптардың мөлшері 581,9 млрд.теңге (26,7%) ұлғайып және есепті күнге 2 758,4 млрд.теңге болды. Екінші деңгейдегі банктер активтерінің жалпы сомасында резидент еместерге қойылатын талаптардың үлесі 23,6% болды. Резидент еместерге қойылатын талаптардың құрылымында негізгі үлесін ҚР резидент еместерге ұсынылған заемдар, басқа банктерде орналасқан салымдар 17,7% немесе 489,4 млрд.теңге негізгі үлес алды.

млрд. теңге

Банк секторының ҚР резидент еместерге қойылатын жиынтық талаптардың динамикасы және құрылымы	01.01.2007		01.01.2008		Өсімі %-бен
	млрд. теңге	жиынтығына % -бен	млрд. теңге	жиынтығына % -бен	
Қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металдар және корреспонденттік шоттар	245,0	11,3	331,4	12,0	35,3
Басқа банктерде орналасқан салымдар	295,0	13,6	489,4	17,7	65,9
Бағалы қағаздар	568,0	26,1	324,5	11,8	-42,9
Банк заемдар және "кері РЕПО" операциялар	972,8	44,7	1 413,7	51,3	45,3
Капиталға инвестиция	21,0	1,0	60,1	2,2	2,9 есе
Басқа активтер	74,7	3,3	139,30	5,0	86,5
ҚР резидент еместері алдындағы талаптардың барлығы	2 176,50	100	2 758,4	100	26,7

ҚР резидент еместері алдында қойылатын міндеттемелері. 2007 жылдан бастап екінші деңгейдегі банктер міндеттемелерінің резидент еместер алдында жалпы сомасы 1 273,4 млрд.теңгеге (30,8%) ұлғайып және есепті кезеңнің соңына 5 403,0 млрд.теңге болды. Екінші деңгейдегі банктер міндеттемелерінің жалпы сомасында резидент еместер алдында міндеттемелерінің үлесі 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 1,1 пайыздық тармаққа өсіп 52,7% болды.


млрд. теңге

Банк секторының ҚР резидент еместер алдында қойылатын жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2007		01.01.2008		Прирост, в %
	млрд. теңге	в % к итогу	млрд. теңге	в % к итогу	
Банкаралық депозиттер	159,1	3,9	154,6	2,9	-2,8
Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар	1 372,1	33,2	1 709,00	31,6	24,6
Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемдар	27,4	0,7	40,6	0,8	48,2

Заңды тұлғалардың салымдары	179,7	4,4	154,7	2,9	-13,9
Жеке тұлғалардың салымдары	24,3	0,6	29,2	0,5	20,2
Арнайы тағайындалған еншілес ұйымдардың салымдары	1557,1	37,7	2 529,0	46,8	62,4
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	240,5	5,8	316,1	5,9	31,4
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	305,1	7,4	121,8	2,3	-60,1
Басқа міндеттемелер	264,30	6,3	348,00	6,3	31,7
ҚР резидент еместер алдында міндеттемелердің барлығы	4 129,60	100	5 403,00	100	30,8

Өтімділік. Ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банк жүйесінің өтімділік деңгейі аса жоғары деңгейде сақталды. 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ағымдағы өтімділіктің жиынтық коэффициенті жеке банк үшін барынша төмен 0,3 нормасы кезде 1,44 болды, қысқа мерзімді өтімділік коэффициенті барынша төмен 0,5 мөлшері кезде – 0,97 болды.

Банк секторының өтімділік деңгейінің динамикасы



Кірістілік. 2008 жылғы 1 қаңтарда екінші деңгейдегі банктер табыс салығын төлегеннен кейін 221,2 млрд. теңге мөлшерінде (2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша – 101,9 млрд. теңге) жиынтық таза кіріс алды. Кірістердің жиынтық мөлшері 1 796,9 млрд. теңге болды (2007 жылғы 1 қаңтарда – 907,9 млрд. теңге), шығыстар – 1 575,3 млрд. теңге (2007 жылғы 1 қаңтарда – 780,4 млрд. теңге) болды.

Банк секторының кірістілігі	млрд. теңге		
	01.01.07	01.01.08	Өзгеріс (+;-), %-бен
Сыйақы алуға байланысты кірістер	620,1	1 242,8	2 есеге
Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар	337,2	656,1	1,9 есеге
Расходы, связанные с выплатой вознаграждения			
Сыйақы алуға байланысты таза кіріс	282,9	586,7	2,1 есеге
Сыйақы алуға байланысты емес кірістер	287,3	552,7	1,9 есеге
Сыйақы төлеуге байланысты емес шығыстар	442,5	873,8	2 есеге
Сыйақы алумен байланысты емес таза кіріс (шығын)	-155,2	-321,1	2,1 есеге
Көзделмеген баптар	-0,2	0,4	-
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кіріс	127,5	266	2,1 есеге
Табыс салығын төлеуге байланысты шығыстар	25,6	44,8	1,8 есеге
Табыс салығы төленгеннен кейінгі таза кіріс	101,9	221,2	2,2 есеге

Пайыздық кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша (89,7% немесе 1

114,8 млрд. теңге) сыйақыны алуға байланысты кірістер біршама көп үлес алды, ал пайыздық шығыстар құрылымында – клиенттердің талаптары бойынша (62,7% немесе 411,7 млрд. теңге) төленген сыйақыларға байланысты шығыстар орын алады. Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің жиынтық активтерге (ROA) қатынасы 2,28% (01.01.07ж. жағдай бойынша – 1,4%) болса, табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің меншікті капиталына (ROE) қатынасы 18,64% болды (01.01.07ж. жағдай бойынша – 10,9%).

Банк секторының кірістілігін сипаттайтын жиынтық көрсеткіштер	01.01.07	01.01.08
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің жиынтық активтерге қатынасы (ROA)	1,44	2,28
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің меншікті капиталға қатынасы (ROE)	14,65	18,64
Сыйақы (мүдде) алуға байланысты кірістердің жиынтық активтерге қатынасы	6,99	10,64
Сыйақы (мүдде) алуға байланысты кірістердің жиынтық несие портфелінің кредиттеріне қатынасы	9,13	12,76
Дилингтік операциялар бойынша таза кірістің табыс салығы төленгенге дейінгі таза кіріске қатынасы	29,60	29,62
Сыйақы (мүдде) төлеуге байланысты шығыстардың жиынтық міндеттемелерге қатынасы	4,21	6,40
Жиынтық активтерге резерв жасауға шығыстардың қатынасы	1,79	2,11

Банк секторының шоғырлануы. 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 3 ірі банктің банк секторының жиынтық активтеріндегі үлесі 57,9%-дан 59,3%-ға дейін өсті, 3 ірі банктің банк секторының жиынтық міндеттемелеріндегі үлесі 59,6%-ға дейін өсті. 3 ірі банктің банк секторының жиынтық несие портфеліндегі кредиттерінің үлесі 61,4% болды. 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 3 ірі банктің үлесіне екінші деңгейдегі банктердегі жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы көлемінің 63,1%-ы келеді.

Жиынтық банк секторынан үлес	01.01.07	01.01.08
Үш ірі банктің активтері	57,9	59,3
Үш ірі банктің міндеттемелері	58,6	59,6
Үш ірі банктің меншікті капиталы	54,6	57,1
Үш ірі банктің несие портфелі	58,3	61,4
Үш ірі банк клиенттерінің депозиттері ⁷ , оның ішінде	58,9	64,6
- заңды тұлғалардың	62,9	65,0
- жеке тұлғалардың	44,6	63,1

Экономикадағы банк секторының ролі

Қазақстан экономикасындағы банк секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштер динамикасы	01.01.02	01.01.03	01.01.04	01.01.05	01.01.06	01.01.07	01.01.08
ЖІӨ млрд.теңге ⁶	3 250,6	3 747,2	4 612,0	5 870,0	7 453	10 139,5	13 315,20
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %	25,1	30,6	36,3	45,8	60,6	87,5	87,7
Несие портфелінің ЖІӨ-ге қатынасы, %	15,9	19,1	23,6	30,9	41,1	59,1	66,6
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %	3,8	4,3	5,1	5,9	7,9	11,5	13,4
Клиенттер депозиттерінің ЖІӨ-ге қатынасы	15,0	18,6	21,1	27,4	33,9	46,5	48,2